# Улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1160 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 790 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12662 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 230 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 47 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 230 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 12.04.2023 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2018 № 800 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 2-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың ( азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, уларды өндіру, өңдеу, сақтау , өткізу, жою бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың ( азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы";

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес, уларды сатып алу, сақтау, өткізу, қолдану бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың ( азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы";

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, уларды сатып алу, сақтау, өткізу бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) әзірлеу бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өндіру бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сатып алу және өткізу бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өзінің өндірістік қажеттілігі үшін сатып алу бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сақтау бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2018 № 800 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Улар, қару-жарақ, әскери техника мен жекелеген қару түрлері, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолдана отырып жасалған бұйымдар айналымы саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекелдер дәрежесін бағалау

өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 140 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 124/ОД бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9514 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Улар, қару-жарақ, әскери техника мен жекелеген қару түрлері, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданыла отырып жасалған бұйымдар айналымы саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 138 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 125/ОД бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9515 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Инвестициялар және даму<br>министрінің міндетін атқарушы<br>___________ А. Рау | Қазақстан Республикасының<br>Ұлттық экономика<br>министрі<br>____________ Е. Досаев |

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің төрағасы
_________________ С. Айтпаева
2015 жылғы 25 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 1160
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 790
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

**Улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2018 № 800 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 2 және 3-тармақтарына және 2018 жылғы 31

шілдедегі № 3 Мемлекеттік органдардың тәуекелдіерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тесеру парақтарының нысанына сәйкес ( Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде № 17371 болып тіркелген) әзірленген.

2. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады.

3. Осы Өлшемшарттарда пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау саласындағы заңнамаға сәйкес қолданылады.

1) тәуекел - тексерілетін субъектінің улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың ( азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы қызметі нәтижесінде адам өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі - тексерулер мен бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) - белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) - нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) тексеру парағы - бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

## 2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

4. Тәуекелді айқындау:

1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;

2) реттелетін салаға (аяға) келтірілетін зиянның ықтимал теріс салдарларының ауырлық ауқымы:

3) адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүдделеріне қолайсыз жағдайлардың туындау ықтималдығы өлшемшарттарының бірін ескере отырып,

мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын саланың ерекшелігіне байланысты жүзеге асырылады.

5. Жоғары тәуекел дәрежесіне мыналарды жүзеге асыратын мынадай бақылау және алдын ала бақылау субъектілері (объектілері) жатады:

1) уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою;

2) уларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану;

3) уларды сатып алу, сақтау, өткізу;

4) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) әзірлеу;

5) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өндіру;

6) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сатып алу және өткізу;

7) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өзінің өндірістік қажеттілігі үшін сатып алу;

8) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сақтау.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге ( объектілерге) қатысты, жартыжылдық кестелер негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі қолданылады.

7. Жоғары тәуекел дәрежесіндегі субъектілерге (объектілерге) қатысты тексеру жүргізудің кезеңділігі, күнтізбелік жылда бір реттен жиі еместі құрайды.

**3-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

8. Субъективті өлшемшарттар сақталмауы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес белгілі бір бұзушылықтар дәрежесіне сәйкес келетін тексеру парақтарының талаптары негізінде әзірленді.

Тексеру парақтарындағы әрбір талапқа қатысты бұзушылық дәрежесі - өрескел, елеулі және болмашы дәрежелер айқындалады.

9. Өрескел бұзушылықтар - лицензияланатын кіші қызмет түрін іске асыру үшін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік-техникалық базаның, атап айтқанда технологиялық желіні, мамандандырылған өндірістік ғимараттың, арнайы жабдықталған қойманың, тиісті өнімнің айналымын есептеу, жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға рұқсаттың жоқтығы бөлігінде тиісті кіші қызмет түрінің біліктілік талаптарын бұзу.

Елеулі бұзушылықтар - тиісті біліктілігі бар мамандар, өндірістік-техникалық базаны және қаруланған күзетке шарттың болуы бөлігінде тиісті кіші қызмет түрінің біліктілік талаптарын бұзу.

Болмашы бұзушылықтар - адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп әкелмейтін тиісті кіші қызмет түрінің біліктілік талаптарын бұзушылықтар, атап айтқанда, лицензиаттың ішкі құжаттарының, технологиялық регламенттің болмауы немесе сәйкес келмеуі (жоспарлардың, нұсқаулықтардың, бұйрықтардың), белгілі бір бақылаудың түрлерін (тиісті өнімнің айналымын есептеуден басқа) қамтамасыз ету бойынша жауапты қызметтердің немесе адамдардың болмауы.

**4-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі**

10. Бір өрескел бұзушылықты тапқанда тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100-ге теңестіріледі.

Егер өрескел бұзушылығы анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылығы бойынша жиынтық көрсеткіш есептелінеді.

11. Елеулі бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формуламен есептелінеді :

$SP_з = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,7$

мұндағы:

$SP_з$ - елеулі бұзушылық көрсеткіші;

SP1 - елеулі талаптардың қажетті мөлшері;

SP2 - бұзылған елеулі талаптардың саны.

12. Болмашы бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формуламен есептелінеді:

$SP_н = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,3$

мұндағы:

$SP_н$ - болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP1 - болмашы талаптардың қажетті мөлшері;

SP2 - бұзылған елеусіз талаптардың саны.

13. Тәуекел дәрежесінің ортақ көрсеткіші (УР) 0-ден 100-ге дейінгі шәкілмен есептелінеді және көрсеткіштерді жинақтау арқылы мынадай формуламен анықталады:

$SP = SP_з + SP_н$

мұндағы:

SP - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_з$ - елеулі бұзушылық көрсеткіші;

SPн - болмашы бұзушылық көрсеткіші.

14. Тәуекел дәрежесі жоғары тексерілетін субъект (объект) тәуекелдік дәрежесінің жалпы көрсеткіші бойынша:

1) тәуекел дәрежесінің 0-ден 60-қа қоса алғанға көрсеткіші кезінде осы Өлшемшарттардың 8-тармағында белгіленген мерзімділікпен тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінен босатылады;

2) тәуекел дәрежесінің 61-ден 100-ді қоса алғанға көрсеткіші кезінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды

15. Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінен босатылған, бұзушылықтармен 60 қоса алғанда тәуекелдік дәрежесінің көрсеткішін алған тексерілетін субъект ( объект), егер субъект табылған бұзушылықтарды жою және (немесе) бұзушылықтарды жою жөнінде ақпаратты бір реттен артық ұсынбаған жағдайларда бұзушылықтарды жою мерзімдері өткен соң анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуын бақылау мақсатында жоспардан тыс тәртіппен тексеріледі.

Уларды, жарылғыш және
пиротехникалық (азаматтықты
қоспағанда) заттар мен
олар қолданыла отырып
жасалған бұйымдардың
айналымы саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

**Субъекті тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

| № р/с | Өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды орындамаған кезде белгіленеді) | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1. Уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 1 | Мыналарды қамтитын меншік құқығындағы өндірістік-техникалық базаның болуы:<br>технологиялық желіні;<br>мамандандырылған өндірістік ғимаратты;<br>арнайы жабдықталған қойманы | өрескел |
| 2 | Уларды дайындауға және өңдеуге арналған технологиялық регламенттің болуы | болмашы |
| 3 | Мыналарды қамтамасыз ететін қызметтердің болуы:<br>жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалану мен техникалық қызмет | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | көрсетуді; олардың есепке алынуын | |
| 4 | Тиісті арнайы білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда аттестатталған ұйымда өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімінтексеруден өткен мамандардың, инженерлік-техникалық қызмткерлердің және олармен жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың білікті құрамының болуы | елеулі |
| 5 | Өндірістік-техникалық базаны күзетуге күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен шарттардыңболуы | елеулі |
| 6 | Ұйымның басшысы бекіткен оларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жұмыстарын жүргізу кезінде аварияларды жою жоспарының болуы | болмашы |
| 7 | Ұйымның басшысы бекіткен оларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың болуы | болмашы |
| 2. Оларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 8 | Мыналарды қамтитын меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік-техникалық базаның болуы: мамандандырылған өндірістік ғимаратты; өндірістің техникалық жобасына сай келетін оларды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қойма (үй-жай) немесе мамандандырылған сыйымдылықты | өрескел |
| 9 | Мыналарды қамтамасыз ететін қызметтердің болуы: жабдықтарды, механизмдерді пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді; олардың есепке алынуын | өрескел |
| | Тиісті арнайы білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған ұйымда өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мамандардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және олармен жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың білікті құрамының болуы | елеулі |
| 11 | Өндірістік-техникалық базаның иесі мен күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның арасында күзетуге арналған шарттардың болуы | елеулі |
| 12 | Ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде аварияларды жою жоспарының болуы | болмашы |
| 13 | Ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың болуы | болмашы |
| 3. Оларды сатып алу, сақтау, өткізу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 14 | Оларды сақтау үшін меншік құқығындағы арнайы жабдықталған қойманың болуы | өрескел |
| 15 | Олардың есепке алынуын қамтамасыз ететін қызметтің болуы | өрескел |
| 16 | Тиісті арнайы білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған ұйымда өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мамандардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және олармен жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың білікті құрамының болуы | елеулі |
| 17 | Күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен арнайы жабдықталған қойманы күзетуге арналған шарттың болуы | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 18 | Ұйымның басшысы бекіткен оларды сатып алу, сақтау, өткізу, жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың болуы | болмашы |
| 4. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) әзірлеу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 19 | Заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалы басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасының болуы | елеулі |
| 20 | Тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған сәйкес оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандардың болуы | елеулі |
| 21 | Мыналарды қамтитын меншік құқығындағы немесе қоршалған, оқшауланған, тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қолданыстағы нормативтерде көзделген қауіпсіз қашықтықта орналасқан және өзге заңды негіздегі өндірістік-техникалық базасының болуы: мамандандырылған өндірістік ғимаратты;<br>арнайы жабдықталған қойманы | өрескел |
| 22 | Ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың тәжірибелік үлгісін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың болуы | болмашы |
| 23 | Күзет қызметінің субъектісімен өндірістік-техникалық базаны оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың болуы | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 5. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өндіру жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 24 | Заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалы басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасының болуы | елеулі |
| 25 | Тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған сәйкес оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мыналарды қамтамасыз ететін білікті мамандардың болуы: жабдықтарды, механизмдерді, құрылғыларды, жарақтарды, көлікті, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | елеулі |
| 26 | Ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттарды дайындауға арналған технологиялық процестің регламенті мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың болуы | болмашы |
| 27 | Мыналарды қамтитын меншік құқығындағы немесе қоршалған, оқшауланған, тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қолданыстағы нормативтерде көзделген қауіпсіз қашықтықта орналасқан және өзге заңды негіздегі өндірістік-техникалық базасының болуы: мамандандырылған өндірістік ғимаратты;<br>арнайы жабдықталған қойманы | өрескел |
| 28 | Күзет қызметінің субъектісімен өндірістік-техникалық базаны | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың болуы | |
| 6. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сатып алу және өткізу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 29 | Заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалы басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасының болуы | елеулі |
| 30 | Тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған сәйкес оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен мыналарды қамтамасыз ететін білікті мамандардың болуы | елеулі |
| 31 | Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау үшін меншік құқығындағы немесе қоршалған, оқшауланған, тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қолданыстағы нормативтерде көзделген қауіпсіз қашықтықта орналасқан және өзге заңды негіздегі арнайы жабдықталған қойманың болуы | өрескел |
| 32 | Күзет қызметінің субъектісімен өндірістік-техникалық базаны оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың болуы | елеулі |
| 7. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өзінің өндірістік қажеттілігі үшін сатып алу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 33 | Заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалы басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлға үшін | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | жоғары техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасының болуы | |
| 34 | Тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған сәйкес оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандардың болуы | елеулі |
| 35 | Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау үшін меншік құқығындағы немесе қоршалған, оқшауланған, тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қолданыстағы нормативтерде көзделген қауіпсіз қашықтықта орналасқан және өзге заңды негіздегі арнайы жабдықталған қойманың болуы | өрескел |
| 36 | Күзет қызметінің субъектісімен өндірістік-техникалық базаны оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың болуы | елеулі |
| 8. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сақтау жөніндегі кіші қызмет түрі үшін | | |
| 37 | Меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі жарылғыш материалдар қоймасының болуы | өрескел |
| 38 | Күзет қызметінің субъектісімен жарылғыш материалдар қоймасын оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып қарулы күзеттің болуы | елеулі |

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 1160
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 790
бірлескен бұйрығына
2-қосымша

**Уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою бойынша кіші қызмет түріне арналған улардың, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданыла отырып жасалынған бұйымдардың (азаматтықты қоспағанда) айналымы саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2018 № 800 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

___________________________________________________________________________

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды/ тексеруді

тағайындау туралы акті

___________________________________________________________________________

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектінің) атауы

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

(жеке сәйкестендіру нөмірі), бақылау субъектісінің (объектісінің)

бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________

Орналасқан орнының мекенжайы____________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Мыналарды қамтитын меншік құқығындағы өндірістік-техникалық базаның болуы: технологиялық желіні; мамандандырылған өндірістік ғимаратты; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арнайы жабдықталған қойманы | | | | |
| 2 | Уларды дайындауға және өңдеуге арналған технологиялық регламенттің болуы | | | | |
